

Жобаның атауы: №AP09259525 «Ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық моделін оңтайландыру және талдау әдіснамасы (Солтүстік Қазақстан материалдары негізінде)»

Өзектілігі: қазіргі уақытта Қазақстанда ауылдық жерлерде жалпы халықтың 40% - дан астамы тұрады, олардың негізгі табыс көзі ауыл шаруашылығы кәсіпшілігі немесе онымен байланысты экономикалық қызмет болып табылады. Бұл ретте аграрлық салада жұмыспен қамтылғандардың табысы ең аз болып табылады. Мысалы, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы экономиканың барлық секторлары бойынша орташа жалақының жартысынан сәл астамын құрайды. Сондықтан кедейлік мәселесі, ең алдымен, ауыл тұрғындарына қатысты. Елдің ауылдық аймақтарында ауылшаруашылық өндірісі үшін табиғи ресурстардың шектеулі болуы кедейлікпен күресу мүмкіндіктерін шектейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ауыл тұрғындарының әл-ауқаты мен ресурстардың (жер, су, мал, машиналар) қол жетімділігі арасында айтарлықтай корреляция бар.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстанның ауылдық округтерінде әлеуметтік-экономикалық қатынастарды оңтайландыру бойынша жүйелі зерттеулердің жетіспеушілігі қатты сезілуде. Қазақстанның қазіргі жағдайларын ескере отырып, ауылдық аумақтық жүйелердің оңтайлы әлеуметтік-экономикалық модельдерін қалыптастыру үшін адами, агроэкологиялық, Әлеуметтік және нарықтық факторларды интеграциялау жолдары мен тәсілдері қайта қарауды талап етеді.

Күтілетін нәтижелердің практикалық маңыздылығы ауылдық аудандарда өмір сүру деңгейін арттыруға, жұмыссыздық пен әлеуметтік шиеленісті төмендетуге, көші-қон ағындарын оңтайландыруға ықпал ететін ауылдық округтердің оңтайлы экономикалық модельдерін және өңірлік әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қалыптастыру бойынша ұсынымдарды әзірлеуден тұрады.

Көзделіп отырған негізгі мәселе - ауыл халқының әл-ауқатын арттыру және теңестіру.

Жобаның мақсаты: ауылдық округтерді дамытудың оңтайлы әлеуметтік-экономикалық модельдерін қалыптастыру бойынша іс-шаралар және талдау әдіснамасын әзірлеу.

2021-2023 жылдары алынған ғылыми-практикалық нәтижелер:

- 1) ауылдық округтің үй шаруашылықтары бойынша ресурстармен қамтамасыз етуді және ресурстарды бөлудің біркелкілігін бағалаудың әдістемелік тәсілдері мен рәсімдері;
- 2) ауылдық округтің ауыл тұрғындары арасында экономикалық ресурстардың қолжетімділігін, табыстардың бөліну деңгейі мен біркелкілігін бағалаудың әдістемелік тәсілдері мен рәсімдері;
- 3) ресурстармен қамтамасыз етудің үй шаруашылықтарының экономикалық қызметіне әсерін өзара байланысты сипаттауға және сандық бағалауға арналған теңдеулер кешені;
- 4) ауылдық округтің экономикалық ресурстарын кешенді бағалаудың экономикалық-математикалық моделі, ауылдық округтің экономикалық әлеуетін есептеу және кешенді бағалау берілді;
- 5) неғұрлым перспективалы өнім брендтерін есептеу және экономикалық бағалау және ауылдық округтегі жеке шаруашылықтар арасындағы экономикалық байланыстарды ұйымдастыру нысандары, ауылдық округтің оңтайлы экономикалық моделі;
- 6) ауылдық округ тұрғындары арасында табыстардың бөлінуінің біркелкілігін, өсу процестерін және әл-ауқат деңгейін теңестіруді қадағалау жөніндегі ұсынымдар.

Зерттеу тобының мүшелері:

- 1) жоба жетекшісі - Құсайынов Талғат Аманжолұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор. Scopus Author ID – 56200205600, <https://orcid.org/0000-0002-6439-1261>;
- 2) аға ғылыми қызметкер-жоба жетекшісінің көмекшісі - Мусина Гүлнар Сартайқызы, PhD докторы. Scopus Author ID – 57200303391, <https://orcid.org/0000-0003-3920-330X>;
- 3) аға ғылыми қызметкер - Токенова Сандуғаш Мейрамжанқызы, PhD докторы. Scopus Author ID – 57212195455, <https://orcid.org/0000-0003-0203-6843>;
- 4) аға ғылыми қызметкер - Бұлхайрова Жанна Серікқызы, PhD докторы. Scopus Author ID – 7203804842, <https://orcid.org/0000-0002-9744-4104>;
- 5) аға ғылыми қызметкер - Шаймерденова Әлия Какимқызы, PhD докторы. Scopus Author ID – 756658677100, <https://orcid.org/0000-0003-4789-4091>;
- 6) аға ғылыми қызметкер - Шаукерова Зина Макышқызы, кандидат экономических наук. Scopus Author ID – 57200364154, <https://orcid.org/0000-0003-2464-5834>;
- 7) ғылыми қызметкер - Төлейбергенова Жанна Сұлтанқызы, «Новомарковка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ статистигі;
- 8) кіші ғылыми қызметкер - Құрбаналиев Шавкат Бабыржанұлы, «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КЕАҚ магистранты.

Осы жоба шеңберінде жарияланған жарияланымдар мен патенттердің тізімі:

- 1) Құсайынов Т.А. Әлеуметтік зерттеулер үшін объектілерді іріктеу әдістемесі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы. – 2021. – №3. – 35-48 б. (ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК). <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2021-3-35-48>;
- 2) Құсайынов Т.А. Ауылшаруашылық кооперациясына тарихи тұрғыдан көзқарас // «Тұран» университетінің хабаршысы. – 2021. – №4 (92). – С. 77-84 (ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК). <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-77-84>;
- 3) Kussaiynov, T. Multi-Criteria Choice and Ranking of the Objects for Socio-Economic Studies // WSEAS Transactions on Business and Economics. – 2022. – Vol. 19. – p.1099-1106 (Scopus, процентиль - 35). DOI: [10.37394/23207.2022.19.96](https://doi.org/10.37394/23207.2022.19.96);
- 4) Шаймерденова А.К., Бұлхайрова Ж.С., Темирова А.Б. Ақмола облысы Дамса ауылдық округінің жеке қосалқы шаруашылықтары: ауыл шаруашылығы өндірісін талдау // Аграрлық нарық проблемалары. – 2022. – №1. – 99-104 б. (ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК). <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.11>;
- 5) Құсайынов Т.А., Асилов Б.Ө. Өсімдік шаруашылығындағы еңбек өнімділігіне технологиялық инновациялардың әсері // Аграрлық нарық проблемалары. – 2022. – №3. – 82- 89 б. (ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК). <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.09>;
- 6) Kussaiynov, T., Tokenova, S. Resource Endowment of Rural Areas: Indicators, Assessment Procedures // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2022. – Vol.13 (7). – p.1859-1866. (Scopus, процентиль - 44). [https://doi.org/10.14505/jemt.v13.7\(63\).06](https://doi.org/10.14505/jemt.v13.7(63).06);
- 7) Kussaiynov, T., Mussina, G., Tokenova, S., Mambetova, S. Production Diversification as a Tool for Agricultural Risk Management: The Case of Northern Kazakhstan // WSEAS Transactions on Business and Economics. – 2023. – Vol.20. – p.2457-2465 (Scopus, процентиль - 35). DOI [10.37394/23207.2023.20.210](https://doi.org/10.37394/23207.2023.20.210).

Әлеуетті пайдаланушылар үшін ақпарат: жұмыс нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастығы және қалың жұртшылық арасында тарату С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Extension жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жүзеге асырылатын болады.